

**"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 784 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 32-1) және 32-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-1) ұлттық компанияларға жеке күзет ұйымдарын құру құқығын беру тәртібін айқындайды;

32-2) жеке күзет ұйымы қызметкерлері санының нормативін белгілейді;"

70) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"70) дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 70-1) тармақшамен толықтырылсын:

"70-1) верификациялау рәсімінен өту тәртібін айқындайды;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*